

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДІҢ архипастырларға,
пастырларға, диакондарға, монах қызметіндегілерге және Орыс
Православие Қауымының барлық адал ұл-қыздарына Пасхалық
жолдауы**

**Аса қасиетті архипастырлар, аса ардақты әкелер, ең адал иноктар мен
инокиялар, қымбатты аға-інілер мен әпке-қарындастар!**

ХРИСТОС ТІРІЛДІ!

Бәріненде Жомарт Құдайдың мейірілімдігіне бола, біз нұр шашылған пасхалық түнге жетіп, Христостың өлімнен даңқты Тірілгеніне қайта қуанамыз. Барлықтарыңды, қымбаттыларым, шын жүректен осы ұлы мерекемен және салтанаттың салтанатымен құттықтаймын.

Біз еске алып отырған оқиғадан, бізді екі мың жылдай уақыт ажыратады. Бірақта, жыл сайын Қауым өзгермейтін рухани қадірлікпен Құдай Иенің өлімнен Тірілгенін мерекелеп, көне Иерусалимнің қабір салатын үңгірінің қабырғасының жанында болған оқиғаны әрдайым қуәлауды тоқтатпайды. Құдай Ұлының жердегі бүкіл өмірі: Оның ғажайыпты Деленелгенінен бастап, Крестегі ит қорлықты қайғы кешіп өлгені – Жаратушының ата-бабамызға берген уәдесінің орындалуы болды. *Құдай жер бетіне біздің дәрменсіздігімізді және біздің ауруларымызды алып* (Ис. 53, 4), адамдарының күнәларын (Мф. 1, 21) *Өзіне алатын Құтқарушыны* жіберді.

Құдай Ие Өз уәдесін пайғамбарлары арқылы бірнеше рет адамдарға жеткізді. Таңдаған халқы өсеттен бас тартып, Жаратушысының еркін бұзса да, Ол Өзінің уәдесін бұзбады.

Христостың өлімнен Тірілгенінде, Құдайдың махаббаты толық көрсетілген, өйткені, адамды өмідің шын Қайнар Көзінен ажыратқан соңғы шек өлім жойылды. Адам баласының денесін өлтірген денелік өлім боғанмен, ол бұдан бетер біздің жанымызды өлтіре алмайды, бізді Жаратушымызбен бірге мәңгілік өмір сүруге кедергі бола алмайды. Өлім жойылды - оның улы тілі жұлынды (1 Кор. 15, 55). *Тұтқынды тұтқындады Құдай Ие* (Еф. 4,8) және *тозақты құлатты. Құдайдың ешқандай сөзі күшін жоғалтпайды* (Лк. 1, 37) – *Ол шыныменде өлімнен тірілді Өзі айтқандай* (Мф. 28, 6)!

Биылғы жылы жер бетінің адамдары ерекше сынақтан өтіп жатыр. Тез таралатын індет бүкіл әлемге таралып, біздің елімізге де жетті. Биліктегілер індеттің тез таралуына жол бермей шектеу шараларын қолданып жатыр. Мәскеу Патриархатында пасторлық жауапкершілігі болған кей елдерде

қоғамдық Құдайға қызметтіктер, сонымен қатар Құдайлы литургиялар тоқтатылған. Бірақта, бізге, православиелік христиандықтарларға осы қыйын жағдайда қайғырып безек қағып, үрей туғызудың қажеті жоқ. Біз ішкі тыныштығымызды сақтап, Құтқаршуының адамзаттың күнәсін мойнына алардың алдында айтқан: *«дүниеде қайғыда боласыңдар; бірақ сабырлы болыңдар Мен дүниені жеңдім»* (Ин. 16, 33), - деген сөздерін есімізде сақтауымыз керек.

Пасха, адамдарды құлдықтан Аспан Патшалығының бостандығына, *Құдай ұлдараның бостандығының даңқына өтудің жолы болды* (Рим. 8, 21). Тек Құтқарушының өлімнен тірілуі бола, біз шын бостандық ала алмамыз, ол жайында бәріненде мақтаулы Павел куәландырып бізге былай дейді: *«бізге берген Христостың бостандығында болыңдар»* (Гал. 5,1). Осы сөздерді біз қанша рет естідік? Ал енді ойланайық: Христостың өлімнен Тірілгені болмаған сияқты кәзір біз өмірімізді сүреміз бе? Біздің алдымызда ашылған мәңгіліктің байлығын, біз күнделікті болған қамқорлыққа айырастап, дүниенің жалғанына тұтқындалып, өтіп кететін қорқынышқа беріліп, рухани мәңгілікті қазынаны және христианиннің *Құдай Иенің алдында әулиелікте және шындықта қызмет етуін ұмытамыз ба?* (Лк. 1, 75)?

Дегенмен, *Құдайдың және Әкенің алдындағы таза және бейкүнәлі діншілік*, (Иак. 1, 27) Игі Хабарда бізге көрсетілген Мейірімді Бақтаншының үлгісіне қарап, бір-бірімізге махаббатпен және шыдамдылықпен қамқор көрсетіп, бір-бірімізге сынақ кезінде қол ұшымызды беруіміз деген. Ешқандайда сыртқы кедергілер біздің бірлігімізді бұзбып, *өлімді жеңіп, бізге Құдайдың ұлдары болуға* (1Ин. 3, 1) біздің Құдай Иеміз Иисус Христос берген бостандықты тарпып алмау керек.

Қауымның адал ұл-қыздарында *бір жүрек және бір жан* (Деян. 4, 32), өйткені біз бөлек бөлек біз мүшеміз, ал бірге – Христотың денесіміз, *және бізді Құдайға деген махаббатан ештеңе ажырата алмайды* (Рим. 8, 39). Сондықтан бүгінгі күні объективті себеппен храмға келіп Құдайға қызмет ете, дұға ете алмағандар, олардың ұмытылмағандарының және олар жайында дұға етіп жатқанын білсін. Сенім бізге Құдайдың көмегімен өмір сүріп, әртүрлі дерттерді және сынақтарды, сонымен қатар біздің өмірімізге келген қауіпті вирустың таралуын женуге көмектеседі.

Барлықтарыңды қымбаттарым, болып жатқан қыйындыққа қарамай Қауымның қасиетті литургиялық өмірінің қатысушысы болып, Евхаристияның Киелі Құпиясы өткізіліп, адалдар өмірдің Шын Қайнаркөзі – Христостың Киелі Құпиясына батылдықпен қатысты болуымызға,

аурулардың сауығуна, ал денісау адамдардың қауыпті індеттен сақталуы үшін Құдайға дұғамызды күшейтуге шақырамын.

Өлімнен Тірілген Құтқарушы бізді тастамай, сенімділікте натқы тұрып және жер бетіндегі өміріміздің мәңгілік өмірге жеткізуге беріктік және батылдық беретініне сенеміз.

Барлықтарыңды, сүйікті аға-інілер мен әпке-қарындастар шын жүректен жарқын Киелі Пасха мерекесімен құттықтап, Құтқарушының нағыз үйренушілері болып, айналадағы адамдарға жақсы үлгі көрсетіп, *«бізді қараңғыдан Өзінің гажайыпты жарығына Шақырғанның»* (1 Пет. 2, 9) кемелдігін жариялауға шақырамын, өйткені біз өміріміздің бәрінде ісімізбен пасхалық сөздің өтіп кетпейтін құдіретін және адалдығын куәландыруымыз үшін:

ШЫНЫМЕНДЕ ХРИСТОС ТІРЛДІ!

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Пасхасы 2020 ж.